

6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша докторантурада білім алудың қорытындысына сәйкес «Педагогикалық ғылымдар» кафедрасында талқылауға ұсынылған Бураева Жанат Бауыржановнаның «Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыру» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШКІРІ

Қазіргі уақытта дамыған елдердегі индустриалды даму дәуірі негізінен аяқталды. Және де, әлемдік еңбек нарығындағы технологиялық серпілістен кейін жаһандық «дағдылардағы алшақтық» байқалуда. Жұмыс процестерін автоматтандыру және цифрландыру кәсіпорындардың біліктілігі орташа және төмен кадрларға деген қажеттілігін жойса, жоғары білікті қызметкерлерге деген сұраныс күрт жоғарылауда. Нәтижесінде әлемдік жұмыс берушілердің орташа есеппен 35%-ы білікті персоналды іздестіруде қиындықтарға ұшырауда.

Қазақстан республикасының бірінші президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» тақырыбындағы Қазақстан халқына жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс», деп көрсетілсе, «Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асырудың жүйелі жеті реформасы мен жеті басым саясатының жоспарында» технологиялық жаңару және цифрландыруға аса көңіл бөлінген.

Осы орайда, Бураева Жанат Бауыржановнаның «Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы маңызды әрі өзекті мәселені қарастырып отыр.

Болашақ информатика мұғалімдері педагогикалық креативтілікке ие болуы үшін кәсіби құзыреттіліктерді меңгерген, жасампаз, шығармашыл, бастамашыл, жаңалыққа бейім, жауапты, тез ойлап, әрекет ететін болулары тиіс.

Докторант Бураева Жанат Бауыржановна зерттеу жұмысының барысында аталған жағдайларды ескерген. Болашақ информатика мұғалімдеріне арналып элективті курстың оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешені жасақталған.

Диссертациялық зерттеу проблемасының теориялық мазмұнын айқындауға педагогикалық, креативтілік және педагогикалық креативтілік ұғымдары бойынша философия, психология, педагогика салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі зерттеу жұмыстарына талдау жасаған.

Ізденушінің зерттеу жұмысын орындаудағы жауапкершілігі мен қызығушылығын жүргізілген зерттеу жұмысының өзектілігінің толық айқындалғандығынан байқауға болады.

Зерттеу мақсатына жетуде ізденушінің алған ғылыми нәтижелері мен тұжырымдарының негізділігі мен шынайылығы оның теориялық тұрғыда негізделуі мен ғылыми аппаратын құрудағы логикалық бірізділігінен көрініс тапқан. Зерттеу міндеттерін нақты анықтау, зерттеу әдістерін тиімді пайдалану, тұжырымдалған әрбір нәтижелерді іс жүзінде дәлелдеу, зерттеу барысында алынған мәліметтердің сандық және сапалық талдау өз кезегінде зерттеу жұмысының шынайылық дәрежесін қамтамасыз етеді.

Диссертациялық зерттеу жұмысын орындау барысында ізденуші Ж.Б.Бураева өзінің жоғары жауапкершілігін, ғылыми ізденіске бейімділігін көрсетті. Сонымен қатар, зерттеу барысында ақпарат көздерін тиімді пайдалана білетіндігін, ақпараттарды талдау мен жүйелеуді логикалық тұрғыда бірізділікпен тиянақты іске асыра білді.

Диссертациялық зерттеу жұмысы, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Бураева Жанат Бауыржановнаның зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен тұжырымдары отандық және шетелдік басылымдарда жарық көрді. Жалпы саны үш оқу құралы, 12 ғылыми мақаласы жарияланған.

Бураева Жанат Бауыржановнаның «Болашақ информатика мұғалімдерінің педагогикалық креативтілігін қалыптастыру» тақырыбындағы докторлық диссертациясын 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін алдын ала қорғауға лайықты деп ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор**

28.01.21.



К.М.Беркимбаев

ҚОЛЫН _____
РАСТАЙМЫН:
А.Ясауи атындағы
халықаралық қазақ-түрік
университеті
Кадр бөлімінің
Застығы _____